«Қыз өссе елдің көркі»
13 наурыз 2024 жыл

Наурыз айында облыстық кітапханада қазақ қыздарының бойында жан сұлулығын қалыптастыру және сыпайылыққа, адамгершілікке үндеу мақсатында «Қыз бала - ұлттың ұяты, халықтың шырайы» атты тренинг ұйымдастырылды.

Шараға Абылайхан атындағы №140 қазақ орта мектебінің кітапханашылары Салтанат Маманова, Бегман Махаббат және 8-сынып оқушылары, П.Д.Осипенко атындағы №8 орта мектебінің оқушыларымен педагог-психологтары қатысты.

Шара барысында психолог С.Прімжанова және А.Әли қатысушыларға қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, сұлулық қасиеттерін айқындай отырып «Қазақ қызы қандай болу керек?» атты жаттығу тренингін өткізді. Екі мектеп оқушылары кітапханашылар мен психологтар айтқан пікір сұрақтарға жауап беріп, өз ойларымен бөлісіп, жақсы әсер алды.

Шара соңында қатысушылар «Қыз өмірдің гүлі» атты кітап көрмесімен танысты.





